

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 3 желтоқсандағы N 1677 қаулысына өзгеріс енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1998 жылғы 10 сәуір N 318

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Алматы қаласындағы Ақмола қаласына орналасуға жататын жоғары және орталық мемлекеттік органдардың балансындағы қызмет үйлері мен ғимараттарын тиімді пайдалану жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 3 желтоқсандағы N 1677 қаулысына мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулыға қосымшада:

реттік нөмірі 1 жол алынып тасталсын;

2, 3, 4, 5 және 6 реттік нөмірлер тиісінше 1, 2, 3, 4 және 5 реттік нөмірлер болып е с е п т е л с і н .

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жеке шелендіру департаменті:

Алматы қаласы, Әйтеке би көшесі, 67 мекен-жайдағы қызмет үйін республикалық меншікке беруді қамтамасыз етсін;

жоғарыда көрсетілген қызмет үйіне иелік ету, пайдалану және басқару жөніндегі өкілеттікті Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясына берсін.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі